3 Сыр медицинасы: Дамудың жаңа кезеңі

6 Сәулелі үміт пен бекем сенім



13 маусым, бейсенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№90 (20764)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

«САПАРДЫҢ ҚОС ТАРАП ҮШІН ДЕ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР»

Елімізге мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёльді «Ақорда» резиденциясында салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Әуелі Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Содан кейін Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды.

Салтанатты қарсы алу рәсімінен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің шақыруын қабыл алып, елімізге сапармен келгені үшін кореялық әріптесіне алғыс айтты. Сондай-ақ мұны екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға деген шынайы ниеттің айқын көрінісі деп бағалайтынын жеткізді.

– Бүгінгі сапардың қос тарап үшін де мәнмаңызы зор. Корея Республикасы – біз үшін сенімді серіктес әрі стратегиялық әріптес. Екі елдің достық дәстүрге негізделген қарым-қатынасы тереңнен тамыр тартады. Біз барлық деңгейде тығыз байланыс орнаттық. Күн тәртібіндегі мәселелер іскерлік рухта және сындарлы негізде шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 6 миллиард долларға жетті.

2-бет

БИЗНЕС ФОРУМ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІ ОҢТҮСТІК КОРЕЯ КОМПАНИЯСЫМЕН МӘМІЛЕ ЖАСАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласында өткен «Қазақстан-Корея» бизнес форумына қатысты. Жұмыс сапары кезінде Қызылорда облысының әкімдігі мен Корея Республикасының «With you E&C» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қазақстан және Корея республикалары арасындағы ынтымақтастық 1992 жылы 28 қаңтарда орнатылып, 32 жыл бойы тұрақты байланыс пен саудаэкономикалық қатынас қарқынды дамып келеді.

Бұл келісімнің беки түсуіне Сыр өңірінің де қосқан үлесі елеулі. Соңғы 5 жылда Қызылорда облысы мен Корея Республикасы арасындағы сыртқы тауар айналымы 8 млн АҚШ долларын, оның ішінде экспорт 4 мың АҚШ долларын, импорт 7,6 млн АҚШ долларын құрады. Негізгі импорт жеңіл автокөліктер мен көлік құралдары, ал экспортқа тұз өнімі шығарылуда.

Бизнес форумда Қызылорда облысына инвестиция салу мүмкіндігі қарастырылып, «Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықты кәдеге жарататын, сұрыптайтын және қайта өңдейтін зауыт салу» жобасын іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойылды. Жоспарланған инвестиция көлемі – 18 млн АҚШ доллары. Жобаның іске асырылу уақыты 18 ай. Кәсіпорында 8 сағаттық ауысымда 160 адам жұмыспен қамтылатын болады. Жоба тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинауды көздейді. Атап өту қажет, жоба 2 кезеңмен іске асырылады, екінші кезеңіне де 18 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынады. Жалпы алғанда жобаға 36 млн АҚШ доллары жұмсалады.

«Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында Қорқыт ата және СеулТех университеттері қос дипломды бағдарлама бойынша меморандумға қол қойылды. Еске салайық, өткен жылы Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университетімен білім және ғылым саласында тиімді байланыс орнатылып, 6 қарашада Қорқыт ата университетінің базасында жасанды интеллект және информатика жоғарғы мектебі ашылды.

Екі ел Президенттері арасындағы келісімге сәйкес 2021 жылғы тамыз айында корей генералы Хон Бом Доның сүйегі тарихи отанына қайтарылды. Сыр елі еңбеккерлерінің шежіресіне көз жүгіртсек, корей этносының 29 өкілі Социалистік Еңбек ері атанған. Хон Бом До, Ге Бон У, Цай Ден Хак, Ким Ман Сам сынды корей диаспорасының өкілдері жемісті қызмет атқарған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СЫР ӨҢІРІНДЕ САПАЛЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ

Үкімет отырысының күн тәртібінде қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау мәселесі талқыланды. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің хабарлауынша, бірқатар өңірде, оның ішінде Қызылорда облысында барлық қалалық елді мекендер сапалы ауызсумен толық қамтылған. Ал ауылдық елді мекендердің 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы мәселе бойынша жауапты басшыларға бірқатар тапсырма берді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында бес жыл ішінде халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырып, «бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет» деп атап өтті. Тұрғындарға тұрақты, сапалы ауызсу жеткізу ең өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Қазір облыста орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылмаған 26 елді мекен бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін оларды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуіміз қажет, – деді аймақ басшысы.

2-бет

БАСТАМА

ЫСТЫҚ СУ: БИЫЛ 187, КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ 237 ҮЙГЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қызылорда – көпқабатты үйлерінде ыстық суы жоқ жалғыз облыс орталығы. Қала тұрғындары су жылытқыштар, жалпақ тілмен айтқанда, «Аристон» құрылғысын пайдалануға мәжбүр. Алайда оның да электр қуатына тәуелділігі мен көлемінің шектеуі бар. Жылдар бойы созылып келе жатқан түйткілді мәселенің түйіні жақын уақытта шешіледі.

Мемлекет басшысының былтыр өңірге жасаған сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы мәселені көтерді. Президент алдағы 2-3 жылда мәселені шешуге қажет мөлшерде қаржы бөлуге Үкіметке тапсырма берді. Енді Үкімет резервінен қаржы бөлініп, жұмыстар басталды. Бұл туралы жауапты сала басшылары өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

3-бет

ТОЙХАНА ТІГІН ФАБРИКАСЫНА АЙНАЛДЫ

«Бәйтерек» мейрамханасын тігін фабрикасына айналдырған кәсіпкер Дінмұхамед Абызовтың ісіне көпшілік ерекше қолдау танытуда. Қаламызда өндіріс орнынан мейрамхана көп деп реніш білдіретін едік. 2016 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Dalatex» тігін фабрикасы енді кең ғимаратқа орналасты.

Бүгінде ерлер, әйелдер және балалар жейдесін, арнайы жұмыс киімдері мен күштік құрылымдардың формаларын тігетін фабрикада 80 адам еңбек етеді. Алдағы уақытта жұмысшылар саны мен тапсырыстарды арттыру ойда бар.

– Жеңіл өнеркәсіп саласы бізде кенжелеп қалғанын білесіздер. Осы уақытқа дейін біздің ұжым қаншама қиындықты еңсерді. Енді кең әрі жайлы ғимаратта ісімізді дамытып, тапсырыстарды көбірек қабылдауға мүмкіндігіміз артуда. Біз ең алдымен сапаға көңіл бөлеміз. Өндірістің әрбір кезеңін тігіншілер үлкен жауапкершілікпен орындайды. Сондықтан да болар, отандық өнімге шетелден де тапсырыстар түсіп жатады, – дейді кәсіпкер.

Бір айта кетерлігі, мұнда жұмысқа тұру үшін арнайы білімнің керегі жоқ. Тек тігінге икеміңіз бен жұмыс істеуге деген құлшынысыңыз болса жеткілікті. Ал қалғанын фабрикадағы тәжірибелі мамандар өздері үйретіп, жол көрсетеді. Мәселен, Салтанат Жаншора есімді бойжеткеннің мамандығы басқа болса

да тігін тігуді жақсы көреді. Осында келгеніне аз уақыт болғанымен, біраз нәрсені үйреніп алған.

– Біріміз жеңін, біріміз балағын тігіп, өнімнің сапалы шығуына үлес қосамыз. Менің әлі үйренерім көп. Бастысы, өз жұмысым ұнайды. Әр тапсырысты асқан ыждағаттылықпен орындаймыз. Тұрақты жұмыс тапқаныма қуаныштымын, – дейді ол.

Машақаты көп текстиль саласында тер төгу оңай емес. Оның үстіне әрісі Қытай, Түркиямен берісі қырғыз және өзбек ағайындармен бәсекеге төтеп беру керек. Отандық өнімді қайтсем өркендетемін деп жүрген кәсіпкерге табыс тілейміз!

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Валюта бағамы $ 449,76 kzt € 483,00 kzt ₽ 5,05 kzt

Ауа райы +30⁰ +32⁰ +31⁰ +33⁰

Сыр бойы
№90 (20764) 13 маусым, бейсенбі 2024 жыл

«САПАРДЫҢ ҚОС ТАРАП ҮШІН ДЕ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР»

Бұл – ортақ күш-жігердің жемісі. Ауқымды экономикалық жобаларды іске асырдық. Инвестициялық ықпалдастық жылдан-жылға нығайып келеді. Қазір Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз қарқынды дамып жатыр. Қазақстандағы корей диаспорасы бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Оны екі халықтың арасын жалғап отырған алтын көпір деуге болады. Біз осы жетістіктерді еселеп, қазақ-корей ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз. Бұл сапар екі елдің ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін, – деді Президент.

Өз кезегінде Юн Сок Ёль екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің 15 жылдығы қарсаңында Қазақстанға сапармен келгеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келеді. Көптеген кореялық компания Қазақстан экономикасына инвестиция құйып, жұмыс орындарының ашылуына және өнеркәсіптің өркендеуіне ықпал етіп отыр. Бұдан бөлек, кореялық инвесторлар Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы, бу-газ электр станциясының құрылысы сияқты ірі жобаларға қатысып, Қазақстанның ұлттық инфрақұрылымын дамытуға өз үлестерін қосып келеді. Біз аса маңызды шикізаттарды игеру, атом энергетикасы, жаңартылатын энергия көздері секілді перспективті бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға ниеттіміз. Жалпы, екі мемлекеттің ықпалдастық көкжиегін кеңейтетін уақыт келді. Осы сапар алдында Үкімет Кореяның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы туралы K-Silk Road бастамасын жариялады. Бұл – Кореяның Орта Азияға қатысты алғашқы дипломатиялық стратегиясы, – деді Корея Республикасының Президенті.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль екі ел арасындағы қарым-қатынасты кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге ниетті екенін тағы да растады. Сондай-ақ осы байланыстарды саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың нақты бағыттары бойынша одан әрі нығайта түсуге өзара ниет білдірді.

Бұдан бөлек, президенттер өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде жан-жақты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Кореяның халықаралық деңгейдегі көптеген мәселелерге қатысты ұстанымы ұқсас екенін атап өтіп, әлемдегі геосаяси қайшылықтардың шешілуіне екі ел орта державалар ретінде өз үлестерін қоса алатынын мәлімдеді.

Екі ел делегацияларының қатысуымен өткен келіссөз барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Юн Сок Ёльдің Қазақстанға жасаған алғашқы мемлекеттік сапарын тарихи оқиға деп бағалады. Сондай-ақ бүгінгі келіссөздер қазақ-корей ықпалдастығының аясын кеңейтіп, екіжақты байланысты жаңа белеске көтеретінін айтты.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Оңтүстік Корея жаһандық ауқымдағы нағыз экономикалық және технологиялық локомотивке айналды. Ал әлемге әйгілі корей корпорациялары халықаралық аренада елдің «негізгі жаһандық мемлекет» ретіндегі позициясын ілгерілетуге елеулі үлес қосып келеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастарды дамыту мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, Сеул – Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Корея сыртқы сауда айналымы бойынша төртінші орында және еліміздегі ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіреді.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Кореяның отыз жылдан астам уақыт ішінде жоғары деңгейдегі саяси диалогқа қол жеткізгенін, табысты экономикалық ынтымақтастықты және берік гуманитарлық байланыстарды жолға қойғанын атап өтті. Екі ел парламентаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық деңгейде және басқа да түрлі салаларда ықпалдастық орнатқан. Іскерлік кеңес пен Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия табысты жұмыс істеп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел кәсіпкерлері арасындағы тығыз қарым-қатынасты жолға қою ісінде тұрақты байланыстар аса маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам компания жемісті жұмыс істеп жатқанын ерекше атап өтті.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселесіне назар аударды.

– Қазақстанда тұратын 120 мың этникалық корей ұлтының өкілдері екі ел арасындағы қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқарады және оған өлшеусіз үлес қосады. Өз кезегінде Кореяда білім алып жатқан мыңнан астам қазақстандық жастар мемлекеттер арасындағы «достықтың алтын көпірі» саналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Юн Сок Ёль қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, биыл Корея Республикасы мен Қазақстан арасында стратегиялық серіктестік орнағанына 15 жыл толғанын атап өтті.

– Корея Республикасы өзінің басты стратегиялық серіктесі – Қазақстанмен бірге жарқын және кемел келешекке қатар қадам басуға ниетті, – деді Корея Президенті.

Келіссөз барысында энергетика, инфрақұрылым, өнеркәсіп, машина жасау, сауда, көлік-логистика, цифрландыру, аэроғарыш өнеркәсібі, қаржы секторы, білім беру, денсаулық сақтау, фармацевтика, туризм, мәдениет, экология және басқа да салалардағы екіжақты ықпалдастықтың перспективалары талқыланды.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мазмұнды және конструктивті келіссөз жүргізгені үшін корей тарапына ризашылық білдірді.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Корея Республикасының Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

1-бет

СЫР ӨҢІРІНДЕ САПАЛЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ



Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин 4 қала, 230 ауылдық елді мекеннің 204-і орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылғанын айтты. Биыл тағы 13 жобаны жүзеге асыруға 5,3 млрд теңге қаржы қаралған.

Жиында қалған елді мекендерді таза ауызсумен қамту, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі арқылы жүзеге асырылған жобаларды мерзімінде аяқтау мәселелері пысықталды. Облыс әкімі көптеген ауызсу ұңғымалары мен су жинау, тарату жүйелерінің тозғанын айтып, оларды ағымдағы жөндеуден өткізуді, күтіп-ұстау жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруды тапсырды. Тұрғындар ауыз суды бақша суаруға, есік алдына шашуға, көлік жууға ретсіз жұмсайды. Сондықтан қала және аудан әкімдері халық арасында үнемшілдік туралы насихат жұмыстарын күшейтуі керек.

Арнайы мәжілісте облыс әкімі денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жетілдіруде қолға алынған, жоспарланған жұмыстарға да тоқталды.

– Қазір аймақта тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, сала инфрақұрылымын жетілдіру кешенді жүргізілуде. Өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет пайдалануға берілді. Қалған 11 нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, ел игілігіне табысталады. Жақын күндері ұлттық жоба аясында Шиелі ауданында 30 төсектік инфекциялық бөлімше құрылысы басталады. Барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алынуда. Осы кезге дейін облыстық Қан орталығының жеке ғимараты болмаған. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында сол жағалаудағы жаңа Қан орталығын пайдалануға беріп, медицина ұйымдарына 50 санитарлық автокөлік табыстаймыз, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ жауапты мекеме басшыларына құрылысы қолға алынған, қайта жаңғыртудан, күрделі жөндеуден өтетін нысандардағы жұмыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауды тапсырды. Нысандар ең алдымен халыққа ыңғайлы, жайлы болуы тиіс. Мұнан бөлек, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына жаңадан пайдалануға берілетін мекемелерді заманауи, қажетті құрылғылармен толық қамтамасыз ету тапсырылды.

Еске салсақ, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Қызылорда қаласының Досан ауылында жаңа медициналық бекет, Баймұрат батыр ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданының Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана құрылысы жүргізілуде. Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқын алды. Биыл 3 млрд 800 млн теңгеге 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады. Сондай-ақ өткен жылы облыстың денсаулық сақтау ұйымдарына 513 млн теңгеге 25 жаңа санитарлық автокөлік берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТАЯУДА ҚАН ОРТАЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛАДЫ

Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген «Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы да қаралған болатын. Ұзақ мерзімді тұжырымдамаға жаңа нысандар салу, ескірген ғимараттарды қайта жаңғырту, заманауи медициналық құрылғылармен жабдықтау мәселелері енгізілген.

1-бет

БРИФИНГ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ БҰЗЫЛМАСА...

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз конференциясында облыстық ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ғафур Ақмырзаев суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шаралары туралы айтып берді.

Өңірдің су айдындарында орын алған оқыс оқиғалар туралы айтсақ, әсіресе, Сырдария өзенінде азаматтардың қайғылы жағдайға ұшырауы, жаз кезінде тұрғындардың, әсіресе балалардың қаза болуы өзекті мәселе күйінде қалып отыр.

– Жыл басталғалы әртүрлі жағдайлар мен оқыс оқиға салдарынан 8 адам қаза болды. Өкінішке қарай, оның 6-ы – бала. Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданында алты адам, Шиелі мен Жаңақорғанда екі адам суға кетті. Сегіз адамның алтауы байқаусызда каналға түсіп, ал екі бала суға шомылуға барғанда батып кеткен, – дейді Ғ.Ақмырзаев.

Иә, жылдағы жағдай осы, шомылу маусымы басталысымен «суға кетіпті» деген суық хабар тарайды. Мәселен, былтыр 32 жағдай тіркеліп, 34 адам қаза болған. Олардың 8-і – бала. Мамандар да қол қусырып қарап отырған жоқ. Су айдындарында жыл басынан бері 989 рейд жүргізіліп, 37 мыңнан астам тұрғынға (оның ішінде 15 мыңнан астам жасөспірімге) судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілген. Сондай-ақ үнпарақтар таратылған. Аталған профилактикалық жұмыстарға 442 ерікті жұмылдырылған.

– Өкінішке қарай, қауіпті аймақтарда азаматтардың рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдануы оқыс жағдайлардың санын көбейтіп отыр. Ұжымдар мен жастардың табиғатқа шығып, демалысты өзен-көл жағасында ұйымдастыруы кең етек алып барады. Кейбір демалыстар адамның суға кетуімен аяқталып жатады, – дейді ТЖД өкілі.

Суға түсу кезіндегі оқыс оқиғалардың негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерінің өрескел бұзылуынан. Насихат жұмыстары толассыз жүргізіліп жатқанын жеткізген Ғафур Әлиұлы онлайн режимде облыстың 31113 оқушысына «Судағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбы бойынша интерактивтік сабақ өткізілгенін айтты. Бұған қоса, ата-аналарға «WhatsApp» желісіндегі топтар арқылы судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау туралы бейнероликтер мен жадынамалар таратылыпты.

Жағажайларға келсек, спикердің айтуынша, «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» облыс әкімінің қаулысына сәйкес, 4 коммуналдық жағажай белгіленді. Олар – Шиелі ауданындағы «Ақ орда», Сырдария ауданындағы «Қалғандария», Қармақшы ауданындағы «Мұратбаев» және Қазалы ауданында «Қашқан су» жағажайы.

Д.АЙБОЛАТҰЛЫ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

СЫР МЕДИЦИНАСЫ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Дәрігер – парасатты мамандық иесі, адамгершілік пен ізгілік мұраттарын алға апарушы, адам жанының арашашысы. Жанына шипа, дертіне дауа іздегенді кәсіби біліктілігімен ғана емес, жылы сөзімен, сезімтал жүрегімен, аялы алақанымен сауықтырып жүрген абзал жандар.

Бүгінде облыстағы 150-ден астам медицина ұйымдарында 3000-ға жуық дәрігер, 11 мыңнан астам орта буынды маман қызмет етеді.

2018 жылдан бүгінгі күнге дейін сұранысқа ие мамандықтар бойынша 155 резидентке, 162 жалпытәжірибелік дәрігерді даярлауға облыс әкімінің арнайы гранты бөлініп, 2023 жылы 590 дәрігер, 738 орта буынды медицина қызметкері біліктіліктерін арттырды. 2024 жылы мамандардың біліктілігін еліміздің алдыңғы қатарлы медицина орталықтарымен қатар озық тәжірибелі шет елдерде арттыру көзделіп отыр. Осы жылдың сәуір айында 10 реаниматолог, 5 кардиолог маман Түркияның Стамбул қаласындағы «Мемориал» клиникасында білімдерін жетілдіріп қайтты.

Жыл көлемінде республиканың 9 штаттан тыс бас мамандарын шақырту арқылы конференция, хирургиялық сала бойынша 14 шеберлік сағаттары өткізіліп, 21 түрлі ота жаңадан енгізілді. Аймағымыздағы тағы бір сүйіншілер жаңалық араға 9 жыл салып бүйрек трансплантациясы отасы жасалды. Екі шеберлік сағаттары шет ел мамандарын тартумен өткізілді.

Бүгінгі күнде Сыр медицинасында ауқымды және қарқынды жобалар жүзеге асырылуда.

2023 жылы жалпы құны 48,6 млрд теңгені құрайтын 21 денсаулық сақтау нысандарының құрылысы жүргізілді. Оның ішінде жалпы құны 7,1 млрд теңгені құрайтын 17 нысанның құрылысы аяқталды.

Ал 2024 жылы 12,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 17 денсаулық сақтау нысандарының құрылысы басталды.

Облыс орталығында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді ауруханаңның құрылысы жүргізілуде.

Одан бөлек қан орталығының құрылысы ашылуға дайын. Оған республикалық бюджеттен 2 млрд 900 млн теңге бөлінді. Жылына 5000-нан 10000 адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар орталық соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірімізде жалпы құны 11 млрд теңгені құрайтын 27 нысан салу көзделген болатын.

Өткен жылы Ұлттық жоба аясында елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет пайдалануға берілді.

Қалған 11 нысан және Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданаралық көпбейінді ауруханалары жанынан қосымша құрылыс салынып, халық игілігіне берілмек.

Жақын күндері Ұлттық жоба аясында 2 млрд 300 млн теңгеге Шиелі ауданында 30 төсектік инфекциялық бөлімше құрылысы басталады.

Одан бөлек жергілікті бюджет есебінен 922,0 млн теңгеге Жаңақорған ауданы, Төменарық дәрігерлік амбулаториясымен қоса, 15 төсекке арналған ауылдық аурухана құрылысы аяқталып, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Қызылорда қаласының Досан ауылында (140 млн тг) медициналық бекет, Баймұрат батыр ауылында (418,2 млн тг) дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды.

Алдағы уақытта Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында балаларға арнап «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылатын болады.

Дәл осындай оңалту орталығы жыл соңында Арал ауданында беріледі.

Өткен жылы 3 млрд 800 млн теңге қаржыға 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылды.

Биыл 4 млрд теңге қаржыға 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады.

2023 жылы денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 5,1 млрд теңге қаржы қаралды.

Оның ішінде 4,4 млрд теңгеге 560 дана медициналық құрал-жабдықтар сатып алынып, медицина ұйымдарының жабдықталу деңгейі 84 пайыздан 87,10 пайызға дейін көтерілді (Республикалық көрсеткіш 85,6 пайызды құрайды).

Өткен жылы медицина ұйымдарына құны 512,5 млн теңгеге жаңа 25 санитарлық автокөлік табысталды.

Биыл өңірдегі барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөліктер алынды.

Осылайша, биыл елді мекендердегі емдеу ұйымдарын санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі түбегейлі шешіледі.

Сыр медицинасын дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен аймағымыз тұрақты әріптестік байланыс орнатқан. Қор кейінгі екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бағыттады.

Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, денсаулық сақтау саласына қажетті аса қымбат дәрі-дәрмектер алынды.

Қор республика бойынша 3 ғана облыста бар, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Саладағы әрбір жаңа бастама өңір халқының игілігі үшін жүзеге аса беретін болады.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, атқарылып жатқан іс-шаралар халықтың көз алдында. Соның ішінде адам денсаулығы үшін үлкен мүмкіндіктер қарастырылуда.

Әрине, мемлекеттің басты байлығы – адам десек, оның денсаулығы әрдайым бірінші кезекке қойылған. Өйткені дені сау ұлттың мәртебесі биік, болашағы баянды. Міне, осы жолда күн-түн демей халыққа қызмет жасап жүрген медицина саласы қызметкерлерінің еңбегі ерен. Сонан да бүгінгідей кәсіби мерекенің маңызы зор.

Олжас ЫСҚАҚОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы



ЫСТЫҚ СУ: БИЫЛ 187, КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ 237 ҮЙГЕ ҚОСЫЛАДЫ

Тұрғындарды ыстық сумен қамту екі кезеңде жүргізіледі. Биыл 187 үй, 2025 жылы 237 тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылады. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін демеушілік есебінен 32 жоба әзірленгенін айтты.

– Мемлекет басшысы өткен жылы өңірімізге жасаған жұмыс сапары барысында Қызылорда халқын ыстық сумен қамту мәселесін дер кезінде шешуді тапсырған болатын. Осыған орай, облыс әкімінің тапсырмасы негізінде тиісті жұмыстар қолға алынды. Жалпы жоба құны – 24 млрд теңге. Бүгінде Үкімет резервінен алғашқы 187 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін 11 млрд теңге қаржы бөлінді. Қаржы облысқа келді. Мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Алдағы аптада құрылыс-монтаж жұмыстарын бастаймыз.

Өздеріңізге белгілі, көпқабатты үйлердің көбі ескі. Өжірелері суға толған, ішкі құбырлары тозған. Оларды жөндеу жұмыстарының барлығын мердігер мекеме атқарады. Сондай-ақ пәтерлерге кіргізіп, ыстық су жүргізеді. Бұл жұмыстарды алдағы жылу беру маусымына дейін толық аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Бүгінге дейін Қызылорда қаласындағы тұрғын үйлер электр сужылытқыш немесе газбен жылытатын құрылғылар арқылы ыстық сумен қамтамасыз етілген еді. Бүгінде әр үйде кем дегенде 50 литрлік «Аристон» құрылғысы бар. Ол құрылғы суды ысыту үшін 3 киловатт электр энергиясын қажет етеді. Оған 1 700 теңге мен 2 000 теңгенің аралығында шығын кетеді. Біз осы орайда жылытқыш құрылғы пайдаланатын үй мен ыстық су жүйесіне қосылған үйді салыстырдық. Нәтижесінде, ыстық сумен қамтылған үйдің шығыны 5 есеге арзан болатынын анықтадық. Жалпы, бүгінде қалада орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 804 тұрғын үй бар. Осы тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту үшін биылдан бастап құрылыс-монтаждау жұмыстары басталуда. Осы жоба бойынша биыл қаламыздағы «Шұғыла», «Сырдария», «Сол жағалау» шағын аудандарында, «Тәуелсіздік», Бейбарыс Сұлтан көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су жүргізіледі, – деді Медет Усаин.

Өз кезегінде Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебай жұмыстарды дер кезінде аяқтау үшін тұрғындар да атсалысуы керегін атап өтті.

– Қызылорда қаласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғындарды ыстық сумен қамтамасыз ету. Осы мақсатта облыс әкімінің арнайы тапсырмасы негізінде бірнеше жоба қарастырылып, ыстық су желілерін орнату басталды. Қазір қаладағы 174 үйді ыстық суға қосуға мүмкіндік бар, ал 424 үй қаржыландыруды қажет етеді. Осы қаржыландыру талап ететін тұрғын үйлерді ыстық суға қосу үшін демеушілік есебінен 32 жоба әзірленді. Бүгінде қала әкімдігі тарапынан арнайы жұмыс тобы құрылып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Көпқабатты үй тұрғындарын дер кезінде ыстық су желілерін орнатуға рұқсат беруге шақырамыз. Бұл өз кезегінде жұмысты орындауға және уақыт үнемдеуге ықпал етеді, – деді Ғалымжан Еркебай.

Сондай-ақ «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Бауыржан Әбідқаппарұлы ыстық судың тиімділігін айтты.

– Себебі «Аристон» құрылғысы ұзаққа жарамайды. Ыстық су желісі электр энергиясы мен қаржы үнемділігін реттейді. Бұдан бөлек, көпқабатты тұрғын үйлердегі су қысымы жоғарылайды. Осы арқылы ауызсу мәселесі оңтайлы шешілмек, – деді ол.

Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су желілерін жүргізу электр энергиясы мен электр қондырғыларын үнемдеуге де септігін тигізбек. «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Шалқар Рахышев ыстық су жүйесі электр энергиясына жүктемені азайтатынын атап өтті. Мәселен, қала бойынша электр энергиясын тұтыну көлемі 84 МВТ болса, ыстық су желісі жүргізілгеннен кейін 14 МВТ-қа дейін жүктеме азаяды.

Сонымен қатар, брифингте «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК директорының орынбасары Хасанғали Иманғалиев тұрғындар жылу маусымында ғана емес, қысы-жазы ыстық сумен қамтамасыз етілетінін жеткізді.

Айта кетсек, қазіргі таңда облыс орталығында ыстық сумен қамтамасыз етіліп отырған 6 көпқабатты үй бар. Ыстық судың бағасы 172 теңге.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

1-бет

ЖОБА

«Қызылорда облысының 2024 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 235 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының 2024 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №235 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2, 3, 4-қосымшалары осы қаулының 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Е.Жаналиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ № _____ қаулысына
1-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «29» желтоқсандағы № 235 қаулысына
1-қосымша

Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асатын және одан жоғары жұмыс берушілерге екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскер-лердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 58 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	58	2	1
2.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 260 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	3	1
3.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 21 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3	1
4.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 59 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	128	3	1
5.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 220 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	170	3	1
6.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 177 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	213	3	1
7.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 283 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	107	3	1
8.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Жарасқан Әбдірашев атындағы № 62 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	200	3	1
9.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 87 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	123	3	1
10.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 134 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	69	2	1
11.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	2	1
12.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	85	2	1
13.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 25 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	86	2	1
14.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 276 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	93	2	1
15.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Үрмәш Түктібаев атындағы № 24 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	130	3	1
16.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 266 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	190	3	1
17.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ержігіт Бозғұлов атындағы № 249 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	264	4	1
18.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№225 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
19.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Есқараев атындағы № 27 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	67	2	1
20.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 109 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2	1
21.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 186 орта мктебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	56	2	1
22.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Салқынбайұлы атындағы балалар әуез мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	57	2	1
23.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	3	1
24.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы № 26 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	151	3	1
25.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Тәйімбет Көмекбаев атындағы № 250 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	229	3	1
26.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 99 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	1
27.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Елеу Көшербаев атындағы № 279 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	139	3	2
28.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 185 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	103	3	1
29.	«Жаңа Жол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	400	4	1
30.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	65	2	1
31.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	191	3	2
32.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	217	3	2
33.	«Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	62	2	1
34.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 210 О.Әбілпаттаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	103	3	1
35.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 44 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	3	1
36.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	603	4	6
37.	«Мағжан И К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	290	4	1
38.	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	86	2	1
39.	«Шиелі жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	98	2	1
40.	«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының № 9 Шиелі ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	79	2	1
41.	«Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	1238	4	4
42.	«Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
43.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 148 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	184	3	1
44.	Қызылорда облысының ветеринария басқармасының Шиелі аудандық ветеринариялық станциясы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	109	3	2
45.	«Алтын дән» шаруа қожалығы	80	2	1
46.	«СтЭМП-Б.С» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	68	2	1
47.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ.Мұратбаев атындағы № 240 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	99	2	1
48.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 162 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	61	2	1
49.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Н.Илялетдинов атындағы № 169 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	206	3	1
50.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сапарбеков атындағы № 125 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	168	3	1
51.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 163 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	228	3	1
52.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «М.Қаратаев атындағы № 51 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	168	3	1
53.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 213 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	111	3	1
54.	«Қызылорда облысының білім басқармасының М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	256	4	1
55.	«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2	1
56.	Текей Батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжі	55	2	1
57.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Сыр Дидары» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	75	2	1
58.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағима Ахмадеева атындағы №112 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	2	1
59.	«Өркениет» медицина колледжі	62	2	1
60.	№3 «Алтын Орда-Шұғыла» бөбекжай-бақшасы жеке мектепке дейінгі мекемесі	71	2	1
61.	№1 «Шұғыла» балабақша жеке мектепке дейінгі мекемесі	68	2	1
62.	«Ханшайым ана» бөбекжай-бақша» жеке білім беру мекемесі	82,5	2	1
63.	«Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	2	2
64.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	186	3	1
65.	«РЦКУ-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	185	3	1
66.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№253 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	162	3	1
67.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі	225	3	1
68.	«Кумколь-Эко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	220	3	1
69.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Мырзабек Дүйсенов атындағы жалпы білім беру №15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	140	3	1
70.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	520	4	1
71.	«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	490	4	4
72.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық орталық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	450	4	2
73.	Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Қызылорда облыстық филармониясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	269	4	4
74.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	417	4	2
75.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№4 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	387	4	2
76.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	575	4	1
77.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	361	4	2
78.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А. Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	123	2	1
Барлығы облыс бойынша		14166,5		102

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ № _____ қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «29» желтоқсандағы № 235 қаулысына
2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Арал құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49	4,1	2
2.	Жеке кәсіпкер «Игликов Т»	30	3,3	1
3.	«Қарлыға-Ана» бөбекжай бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	5,0	1
4.	Жеке кәсіпкер «Жантуар»	2	50,0	1
5.	«Әлсерік» шаруа қожалығы	10	10,0	1
6.	«Лянцзи Инвест Сервис Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	51	2,0	1
7.	Жеке кәсіпкер «Балходжаева М»	10	10,0	1
8.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	635	0,16	1
9.	«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	923	0,11	1
10.	«Промстройсервис Е» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	3,33	2
11.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	555	0,54	3
12.	СПФ «Монтажспецстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	52	3,8	2
13.	«Ansar Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	1,00	1
Барлығы:		2497	0,7	18

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ № _____ қаулысына
3-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «29» желтоқсандағы № 235 қаулысына
3-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	Жеке кәсіпкер «Айтуғанова К»	4	25	1
2.	Жеке кәсіпкер «Қошқарбаев»	5	20	1

5-бет

«Қызылорда облысының 2024 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 235 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

3.	«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылу-электрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы	93	1,1	1
4.	«Қазалы Көркем Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	6	16,7	1
5.	Жеке кәсіпкер «Игликов Т»	30	6,7	2
6.	«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	67	3,0	2
7.	«Достық-жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	41	4,9	2
8.	«АНК-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	37	2,7	1
9.	Жеке кәсіпкер «Исхаков Азамат Рысдаулетович»	5	20,0	1
10.	Жеке кәсіпкер «Казиев Акимжан Жумажанович»	6	16,7	1
11.	«Төретам кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Төретам кенті клуб үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	14	7,1	1
12.	Жеке кәсіпкер «Жантуар»	2	100,0	2
13.	Жеке кәсіпкер «Сырымжан»	2	100,0	2
14.	«Жардем» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10	1
15.	Жеке кәсіпкер «Ер-Ай»	10	10	1
16.	Жеке кәсіпкер «Мерей и К»	8	12,5	1
17.	«Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	260	0,4	1
18.	«Волковгеология» акционерлік қоғамының филиалы «№ 23 Геологиялық барлау экспедициясы»	1241	0,1	1
19.	«Шиелі Жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	98	1,0	1
20.	«Ризалит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2,0	1
21.	«СтЭМП-Б.С» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	68	1,5	1
22.	Жеке кәсіпкер «Бал-мерей»	10	10,0	1
23.	«Қазақстан» шаруа қожалығы	10	10,0	1
24.	«Тоқтамыс» шаруа қожалығы	10	10,0	1
25.	Жеке кәсіпкер «Бименов Р»	8	12,5	1
26.	«Ақбота-2» шаруа қожалығы	8	12,5	1
27.	Жеке кәсіпкер «Н.Мамраимов»	10	10,0	1
28.	Жеке кәсіпкер «Темірлан»	5	20,0	1
29.	Жеке кәсіпкер «Аблайхан»	8	12,5	1
30.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	635	1,42	9
31.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	555	2,16	12
32.	«Бастау-S» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	268	0,37	1
33.	«СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	0,6	1
34.	«Орта Азия Көлігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	176	0,6	1
35.	«Абзал және К» толық серіктестігі	259	0,4	1
36.	«Алтай Торг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	76	1,32	1
37.	«Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	1,2	1
38.	«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	923	0,4	4
39.	«Промстройсервис Е» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	5,0	3
40.	«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы	1029	0,1	1
41.	«Valliant-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	29	13,8	4
42.	«Самат-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	5,0	1
43.	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	200	1,0	2
Барлығы:		6611	1,1	76

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ № _____ қаулысына
4-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «29» желтоқсандағы № 235 қаулысына
4-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Dalatex» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	1,67	1
2.	Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылдық округі, «Жансая» дара кәсіпкерлігі	5	20,0	1
3.	«Арал құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49	2,0	1
4.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №1 «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын	38	2,6	1
5.	«СабинаНурМед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10,0	1
Барлығы:		162	3,0	5

4-бет

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Ел дамуының динамикасы жергілікті халықтың өсімімен, көрсеткіштерімен өлшенеді. Денсаулық сақтаудың тиімді жүйесі – адами капиталды дамытудың негізгі құрамдас бөлігі. Қазақстан халқы санының өсуі, азаматтардың өмірінің ұзаруы медициналық-демографиялық ахуалдың жақсаруымен байланысты. Денсаулық сақтау саласындағы кластерлік әдісті қолдануды арттырып, жаңашылдыққа бой ұрған іргелі ұжым Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасы.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ БАҒДАРШЫЛАРЫ

Жаңарған инфрақұрылым, жаңғырған жүйе

Бұған дейін тек облыс орталықтарында ғана болған емдеу мекемесінің аудан орталығынан бой көтеруі – денсаулық саласына оң көзқарастың, ел әлеуетінің көрінісі. Мұнда ауданның 54932 тұрғынына, көршілес Байқоңыр қаласы, Арал, Қармақшы ауданы тұрғындарына қызмет көрсетіледі. Озық үлгідегі медициналық-диагностикалық құрал-жабдықтар, керек-жарақтармен қамтылған орында 161 жоғары білімді дәрігер, 770 орта буын қызметкер еңбек етеді. Олардың қатарында Денсаулық сақтау саласының үздігі Көбек Наршабай, Бақытгүл Әлішева, Ғалымбек Баймаханов, Серік Айбасов, «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері Раушан Қауовалар бар. Сондай-ақ жоғары санатты дәрігерлер акушер-гинеколог Айгүл Медетбаева, интервенционды кардиолог Кенесары Баспаев, кардиолог Ләззат Жұбанова, невропатолог Гүлмария Дәрменова, Жаңыл Барақбаева, реаниматолог Асылбек Жиенбаев, акушер-гинеколог Сәуле Құтекеева – тәжірибесі толысқан мамандар.

Ауруханада анестезиология және реанимация, терапия, хирургия, гинекология, ақылы емдеу, кардиология, перзентхана, оңалту, балалар бөлімдері бар. 238 төсек-орын тәулігіне 250 тексерілуші қабылдауға қауқарлы. Ауруханаға қарасты емхана терапевт, педиатр, бейінді мамандар – кардиолог, невропатолог, окулист, лор, маммолог, эндокринолог, проктолог, уролог, фтизиатр, стоматолог, балалар невропатологі, нарколог, психиатр, рентгенолог, гинекологпен қамтылған.

Аудан тұрғындары жаңа аудандық емхана, 17 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік-акушерлік пункт, 14 фельдшерлік бекет игілігін көруде.

Шалғайдағылар да шет қалмайды. Өткен жылы «Қазақстан халқы» қорынан жылжымалы медициалық кешенге қол жеткізген. Құрамында рентген, УДЗ, көз, құлақ, қан қысымын өлшейтін аппараттар бар мамандар кесте бойынша аралап, алыстағы ағайынның ахуалын аңдайды.

Осы жылы денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен облыстық онкологиялық орталықтан келген әмбебап медициналық кешеннің көмегі көп болды. Жапондық жаңа құрылғы компьютерлік томограф, ультрадыбыстық тексеру аппараттары қатерлі ісікті ерте сатысында анықтайды.

Барлық баланы профилактикалық-медициналық тексеруден өткізу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Аудандағы 37 мектеп медициналық кабинетпен жабдықталған.

Қазір омырау обыры жасарып келеді. Бұл бағытта маммолог маман жасаған тұжырымдама мен оқылымды облыстағы мамандар да оқып, науқастың жағдайын жақсаруға бірлесе әрекет жасайды. Егу жұмыстары басқа аудандарға қарағанда жақсы деңгейде. Тәулік бойы емдеумен, күндізгі стационармен қамтамасыз етілген. Былтыр «Бозкөл», «Кәукей», Абай елді мекендерінде жаңа дәрігерлік амбулаториялар халық қажеттілігіне ұсынылған.

Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу арқылы бұрын тек үлкен қалаларда болатын күрделі операцияларды жасауға қол жеткізілген. Ангиограф аппаратын 2017 жылы республика бойынша аудандар ішінде алғашқы болып алып, жүрек-қан тамырлары жағдайын анықтап, ота жасау жолға қойылған.

Материалдық-техникалық жабдықтармен бірге көлікпен қамтамасыз ету маңызды, биыл 20 жаңа көлік алу жоспарланған. Жүйелі жұмыс толық құраммен жүзеге асады. Емдеу орындарында маман тапшылығы жоқ.

Бүгінде ел бойынша денсаулық сақтау саласын одан әрі жаңғыртуға, медициналық қызмет пен дәрі-дәрмектердің сапасын жақсартуға және олардың халыққа қолжетімді болуына, сондай-ақ жүйені цифрландыруға ерекше маңыз беріліп отыр. Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде қиындық жоқ. Науқастың жағдайын жақсартуға телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сынды сандық технологиялар мүмкіндігін пайдалану жолға қойылған. Қағазбастылықтан арылған мамандар санды жүйе жүйелілікке жол ашып, уақыт үнемдеуге мүмкіндік тудырғанын айтуда.

Алғашқы медициналық көмек көрсету қашан да маңызды. Қызмет түрі азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан, бәріне қолжетімді.

Жеделдікке жол ашқан

Емханадағы заманауи офтальмолог жарықшақ шамы көз жанары жағдайын терең

тексеруге мүмкіндік береді. Сыртқы тексеру кезінде көз бөліктеріне биомикроскопиялық зерттеу жүргізіп, күшті оптикалық үлкейту арқылы тірі тіндерін тексереді. Әсіресе, контактілі линзаны үнемі қолданатын адамдар үшін маңызды.

Жүрек-қан тамыр аурулары Қазақстандағы өлім-жітім себептерінің көшін бастап келеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде осы аурулардың алдын алу мен емдеуге көп көңіл бөлінеді. Оталарды Қазалы көпсалалы орталық ауруханасының мамандары қазір ауданда жасайды. Жаңа ангиограф аппараты кез келген тамырдың үш өлшемді көрінісін көрсете алады. Бұл инсульттің алдын алуда маңызды. Қан тамырларын жақыннан көріп, аяқ тамырларының ақауын анықтайды.

Мұндағы рентген-эндоваскулярлық бөлімшеде ай сайын 50-60 ота жасалады. Өткен жылы отаға жүгінген 523 пациенттің 315-і аудан азаматтары болса, өзгелері Арал, Қармақшы, Байқоңыр, Қызылорда, Төретам, Астана, Ақтөбеден келген. Биыл 281 ота өткен. Емделушілер қатарында Тараз, Ақтөбе, астаналықтар да бар.

Дәрігерлер алдағы уақытта жамбастың варикозды кеңеюіне, аденома және жатыр миомасына ота жасауды жоспарлауда.

Ауруханаңың терапия бөлімі құрамындағы нейроинсульт бөлімшесі 2022 жылы ашылған. Тұрғындар арасында көптеп кездесетін жүрек-қан тамыры ауруларын анықтап, алдын алу мақсатында 20 орынға лайықтап ашылған бөлімшеде невропатолог дәрігер Гүлмария Дәрменова түрлі ем-шара жүргізеді. Церебральді ангиограф аппаратымен жасалған ота қызметіне жүгінетіндер көп екенін білдік. Коронарография әдісімен шап арқылы арнайы дәрілік сұйықтық жіберіліп, бас тамырларын бақылайтын мүмкіндік бар.

Ауру ахуалын ерте анықтап, жоғары технологиялық ота жасауға мүмкіндік беретін ангиографтың арқасында инфаркт, инсульттің алғашқы белгілерінен айыққандардың алғысына бөленген рентген-эндоваскулярлық бөлімшеден көрші аудандар тұрғындары үзілмейді.

– Байқоңыр қаласының тұрғынымын. 2019 жылдан бері жаңа аппаратпен ота жасалғанын естідім. Бұрын Астанаға сабылатынбыз. Қазір келгелі жақсымын, – дейді Омар Әлімбай.

Осы жылы аурухана базасында 70 орындық перинаталдық бөлім ашылып, 646 миллион теңге тұратын МРТ аппараты іске қосылған.

Ауруханадағы жаңа құрылғының бірі – ауыз қуысының ақаулары мен тіс ауруларының салдарын тексеретін рентгендік-сандық панорамалық аппарат. Оңтүстік Кореяның «Vatech» компаниясының өнімі тіс түбіндегі асқыну мен салқын тию әсерінен пайда болған ісінуді, өзге де ақауларды анық, нақты көрсете алады. Құрылғыға түсіру қызметі ешқандай жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайын таңдамайды. Медициналық-санитарлық көмекті модернизациялау мен дамытуға, медициналық оңалту жұмыстарын жандандыруға үнемі көңіл бөлінетін емдеу орны алдағы уақытта да жаңа жабдықтармен қамтылмақ.

Орталық ауруханаңың кардиология бөлімінің меңгерушісі Ләззат Жұбанованың айтуынша, қолданыстағы міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі арқылы мүмкіндіктерге жол ашылған.

– Есептеп қарасаңыз, коронарографияның құны бір науқасқа 500 мың теңге. Ал стент салған болса 2 миллион теңге кетеді. Порталмен бір күннің ішінде 20-ға дейін науқас түссе, олардың 6-7-сі стенттеуден өтеді. Оларды өздері төлесе, қолжетімсіз. МӘМС мүмкіндіктерін пайдалану тиімді, – дейді ол.

Өткен жылы скринингтік бақылаудан 12204 адам өтсе, олардан 1026 ауру белгісі табылған. Жыл басынан бері 5 айда 8842 жергілікті тұрғын тегін тексеру мүмкіндігін пайдаланған. Жыл ішінде 972 науқас анықталып, сауықтырылған.

– Біздің алдымызда тіркелген емделушілерге білікті және мамандандырылған медициналық жәрдем көрсету, ауруханаңың материалдық-техникалық базасын нығайту, қызметтің тиімді жүйесін арттыру арқылы тіркелген тұлғалардың денсаулығын жақсарту міндеті тұр, – дейді ауруханаңың бас дәрігері Бақытгүл Әлішева.

Денсаулық – әлеуметтік игіліктің жиынтығы. «Ұлт саулығы – мемлекеттің басты байлығы» дегенді ұстаным еткен ұжым алдағы уақытта да ауруды анықтау, олардың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілету, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдарды ілгерілетуге күш жұмылдырмақ.

Алтын ҚОСБАРМАҚОВА,
Арайлым ЖҮСІПОВА
(фото)

КЕШ

СӘУЛЕЛІ ҮМІТ ПЕН БЕКЕМ СЕНІМ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Парасат» орденінің, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, қоғам қайраткері, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлының «Топансу жүзін жуған Ұлы дала» атты кітабының тұсаукесеріне арналған әдеби-сазды кеш өтті.

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық-академиялық драма театрының артисі Нұрдәулет Баймаханның орындауындағы тақырыптық прологта жазушының жанайқайы, шиеленісті сезімдері суреттелген. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар қаламгерді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов пен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов құттықтап, сый-құрмет көрсетті.

– Сөз қадірін өз қадірім деп білетін қазақпыз. Сыр бойының саңлақтары сөзден де, сан қилы өнерден де кенде емес. «Өнерге бір күнге және бір күнде келген жоқпыз» дейді Алмас Алматов. Халқымыздың құрметі мен ыстық ықыласына бөленіп, ғибратты ғұмыр кеше беруіңізге тілектеспіз!

Аға буынға деген ізетіміз ретінде шағын болса да ресми түрде тарихи туындының тұсауын кесіп, БАҚ өкілдері мен өнір тұрғындарына жаңа кітапты таныстыра отырып, өз оқырманын табуға көпір бола алсақ, қуанышымызда шек жоқ. Қаламыңыздан қуат кетпесін! – деді Жағыпар Айтбайұлы.

Әдеби кеште ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова, ғалым, профессор, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамбердиев және белгілі журналист, филология ғылымдарының кандидаты, «Әлімсақ» журналының редакторы Нұрлан Көбегенұлы автордың өзгеше ой орамдарына тоқтала отырып, жаңа туындының тұсауын кесті.

– Жазушы Ұлы Дала, Тұран кеңістігі жайлы бұрын да, қазір де қалам тербей жүріп, осынау көмбелі өлкенің ақиқаты ежелгі тарих тереңінен бүгінгі таным аренасына біртіндеп өз жолымен көтеріліп келе жатқанын, енді кеңінен және объективті түрде мойындала бастаған шындық екенін кітапта дәлелдей түседі. Қолымыздағы кітап – әлімсақтан бері қарайғы тарих қойнауының қыртыстарын қазбалап жанкешті еңбек еткен автор жұмысының жемісі. Өмірлік таным, ғылым тұрғысынан алып қарағанда да, отансүйгіш Жер перзенті санасының түкпіріндегі сәулелі үміт пен бекем сенімді оятатын философиялық ой-тұжырымдарға толы. Адам атаның жұмақтан жерге түсірілген сәтінен бастап, уақыт өлшеміндегі ғажайып құбылыстар мен ғасырлар тоғысынан сыр шертетін осы пайымдаулар топтамасы әр оқырман санасына ой салып, Ұлы Дала, Тұран кеңістігінде өмір сүріп жатқанына кеудесінде мақтаныш сезімін, терең түбірлі тарихымызға деген құрмет, ұлы күш оятатыны сөзсіз. Жазушының қиялы тарих қойнауындағы мыңжылдық үрдістерден бүгінгі күнге дейінгі шындықты шарлап, адамзат болмысының құпияға толы кезеңдері арқылы Ұлы дала келбетінің жүзін айқындай түскісі келетінімен өміршең.

«Көзден өшіп, көңілде кеткен суреттер», «Қисын қиырына тартқан жолдар», «Байырқалы байтағым» бөлімдері бізді ежелгі де жаңа Тұранның ғажайып әлеміне, Арал-Сыр өлкесінің мәлім де беймәлім ақиқаттарына жетелей түседі. Ізденістерге, батыл жолдарға шақырады. Көзіқарақты оқырмандардан жоғары баға алып үлгерген бұл шығарманы алдағы уақытта әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықтардың біріне ұсынса дұрыс болар еді, – деді Қаршыға Есімсейітова.

Проза шыңында шарықтаған Сайлаубай ағамыздың поэзия айдынында да еркін құлаш сермейтінін көпшілік біле бермейді. Кеште ақын, «Құрмет» орденінің иегері Мамыр Байдәулетовтің жетекшілігімен А.Тоқмағамбетов мәдениет үйі жанынан құрылған «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің талантты өнерпаздары Дидар Өмірзақ, Салтанат Жаппасбай, Мейіржан Қартбай автор өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

– Жазушымын ғой. Бірақ жаңа туындының бұрынғыларынан айырмашылығы – жанрында. Ғылыми эссе ретінде жазылған жаңа кітапқа бүгінгі кештің ұйымдастырушылары тарихи рухнама деп көтеріңкі анықтама беріп отыр. Шынында да кейінгі 25-30 жыл көлемінде «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» сынды республикалық газет-журналдарға жарияланған мақалалардың жүйеге келтірілген жиынтығы. Туындымыз төрт бөлімнен тұрады. Соның ішінде, әсіресе, бірінші бөліміне ғылыми тұрғыдан көптеген пікірлер айтылуда. Әрине, біздің алдымызда осы тақырыпта, осы бағытта ізденген азаматтар аз емес. Олжас Сүлейменов, Серікбол Қоңдыбай сынды марғасқалар бар. Олардың жолын жалғаушымыз десек, артық болар. Алдымдағы аға буынның үнімен үндесе отырып, өзіміздің жаңа сүрлеуімізді салуға тырыстық, – деді автор.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

Бақұл бол, аяулы ұстаз

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардагері, ҚР білім беру ісінің үздігі, профессор Аңсатова Меруерт Нағыметқызы дүниеден озды.

Ол 1971 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, осы институттың аспирантурасында оқыған. Еңбек жолын Арал қаласының Т.Г.Шевченко атындағы орта мектепте ұстаздық қызметтен бастаған. 1976 жылдың 1 желтоқсанынан бастап 2003 жылға дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде үзбей ұстаздық қызмет атқарып, университеттің дамуына зор үлес қосты. Әр жылдары кафедра меңгерушісі, университет жанынан ашылған «Қабілет» мектеп гимназиясының директоры, гуманитарлық білім беру орталығының директоры, 2003 жылдан бастап зейнетке шыққанша университеттің музыка-педагогикалық факультетінің деканы, «Тарих» кафедрасының профессоры қызметін атқарды.

Меруерт Нағыметқызы ұстаздық қызметімен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарымен де үздіксіз айналысты. 1979 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты, 1984 жылы доцент дәрежесін алды. Ғалымның халықаралық және республикалық баспаларда 120-дан астам мақалалары мен 20-ға жуық оқу-әдістемелік құралдары жарыққа шықты. Облыс тарихшыларымен бірігіп, «Сыр өңірі тарихы» еңбегінің шығуына үлесін қосты. «Қызылорда» ғылыми-танымдық кітабының, «Қазақ этно педагогикасындағы отбасы тәрбиесі», «Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық саясаты» және т.б. еңбектердің авторы. Облыс әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның алғашқы мүшелерінің бірі, «Ақбосаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы болды.

Ұстаздық қызметі мен ғылымдағы жетістіктері үшін ҚР Білім министрлігінің, ҚР Білім беру және ғылыми қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамоталарымен, Ы.Алтынсарин төсбелгісімен, «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, ҚР Президентінің, ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған жан аяулы ана ретінде ұл өсіріп, немере сүйіп ардақты әже бола білді. Университет ұжымы ғалым-ұстаз Меруерт Нағыметқызының қазасына орай, отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтады. Әріптесіміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы

Бақылау касса машиналарын қолдану тәртібі туралы не білесіз?

Салық кодексінің 166-бап талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануға міндетті.

Осы баптың 5-тармағына сәйкес бақылау-касса машиналарын қолдану кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) ақшалай есеп айырысулармен байланысты қызмет басталғанға дейін бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою;

2) тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет үшін төленген сомаға бақылау-касса машинасының чегін немесе тауар түбіртегін беру;

3) бақылау-касса машиналарына салық органдары лауазымды адамдарының қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Бақылау-касса машинасының түбіртектері мынадай ақпаратты қамтуы тиіс.

1) салық төлеушінің атауын;

2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;

3) бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін;

4) бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін;

5) түбіртектің реттік нөмірін;

6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты;

7) фискалдық деректер операторының атауын;

8) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын;

9) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін;

10) көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын;

11) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекен-жайын.

Бақылау-касса машинасының түбіртегі бақылау-касса машинасын дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасында көзделген, оның ішінде қосылған құн салығының сомасы туралы деректерді қосымша қамтуы мүмкін.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының (клиенттің), алушының талап етуі бойынша сатып алушының (клиенттің), алушының сәйкестендіру нөмірін де қамтуға тиіс.

Бақылау-касса машинасын салық органында тіркеу есебіне қою, тіркеу деректеріне өзгеріс енгізу, есептен шығару туралы салықтық өтініштi алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Сонымен қатар, 2022 жылы Салық кодексінің 166-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, сатып алушының талабы бойынша, БКМ түбіртектерінде сатып алушының ЖСН көрсетілуі көзделген.

Осыған сәйкес, Мемлекеттік кірістер комитеті «Бақылау-касса машиналарын қолдану мәселелері бойынша» әзірлеушілерімен және фискалдық деректер операторларымен бірлесіп бақылау касса машиналарымен ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтер берудің бірыңғай Хаттамасын жаңартып бекітті.

Онлайн – БКМ қайта бағдарламалауды Қазақстанның кез келген аймағындағы қалаларда орналасқан бақылау касса машиналарын жөндеу және техникалық қолдау орталықтарында қызмет алу мүмкіндігі қарастырылған. («Торговые Технологии» ЖШС-не мекен-жайы: Байсеитова №140, тел 27-23-26).

Сондай-ақ, мемлекеттік тізілімге енгізілген барлық БКМ модельдерінде техникалық талаптарға сәйкес мемлекеттік тілге ауыстыру функциясы жұмыс жасайды.

Осыған байланысты тіл саясатын іске асыру мақсатында барлық салық төлеушілерге Бақылау-касса машиналарының түбіртегін мемлекеттік тіл қазақ тілінде басып шығаруға кеңес береміз.

Егерде, жоғарыдағы талаптарды сақтамай деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын тіркемеген жағдайда ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 284-бабына сәйкес жауапкершілік көзделетіндігін ескертеді.

Гүлнар ИСАЕВА,
Қызылорда облысы бойына Мемлекеттік кірістер департаментінің камералдық мониторинг басқармасының басшысы

ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының және орынбасарларының 2024 жылғы жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.Ә.Ж.	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті	Қайрақбаев Руслан Сламбекұлы	Департамент бастығы	дүйсенбі-сәрсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Ибрагимов Нұрсұлтан Жаңабайұлы	Департамент бастығының орынбасары	сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Әбдіқадыров Бекболат Қайырбекұлы	Департамент бастығының орынбасары	сәрсенбі-жұма сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85
	Түйменов Жасұлан Қалдыбайұлы	Департамент бастығының орынбасары	сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69	55-10-85

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан заңсыз іс-әрекеттер орын алған жағдайда ҚР ТЖМ Жеке құрам бойынша инспекция басқармасына 8(7242) 60-21-27, 60-19-77 телефоны арқылы, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Жеке құрам бойынша инспекция тобына 8(7242) 70-03-15 телефоны арқылы жүгіне аласыз. Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Сенім телефоны» 8 (7242) 24-40-46.

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2024 жылдың 18 маусым күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Кредиттік серіктестікке қызмет көрсететін контрагенттерге сыйлықақы төлеуге қатысты.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 20 сәуірінде қайтыс болған азаматша Тасыбаева Дюсенкуль Жубандыковнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22868 Тапсырыс №918 Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА**